



## Article

## «Қазақ» сөзінің «Бабырнамадағы» семантикасы

\*Қ. Кенжалин<sup>а</sup>, Ә. Таңсықбай<sup>б</sup>, Л. Еспекова<sup>с</sup><sup>а</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы (E-mail: [kenkk@mail.ru](mailto:kenkk@mail.ru)). \*Байланыс үшін автор: [kenkk@mail.ru](mailto:kenkk@mail.ru)<sup>б</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы (E-mail: [adilet\\_2\\_97@mail.ru](mailto:adilet_2_97@mail.ru))<sup>с</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы (E-mail: [espekova@bk.ru](mailto:espekova@bk.ru))

## ARTICLE INFO

## АННОТАЦИЯ

## Кілт сөздер:

қазақ, қазақлық, семантика, «Бабырнама», Бабыр, лексика, шағатай.

XFTMP 16.21.47

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-4-90-115>

Этноним – этникалық топтың өзін-өзі анықтауының маңызды элементі. Этнонимдер саяси, әлеуметтік және мәдени ортадағы өзгерістерді көрсететін күрделі семантикалық тарихқа ие болуы мүмкін. Бұл аспектіні зерттеу әртүрлі этникалық топтар арасындағы қарым-қатынастардың эволюциясын түсінуге және олардың өзара әрекеттесуіндегі үрдістерді анықтауға көмектеседі. Қазақ сөзі тіркелген орта ғасырлық жазба ескерткіштердің бірі – Захираддин Мұхаммед Бабырдың қаламынан шыққан «Вақауі» еңбегі. Бабыр – барлас тайпасынан шыққан танымал қолбасшы, саясаткер, жазушы, Ауғанстан мен Үндістан билеушісі, Бабыр әулеті империясының негізін қалаушы. «Бабырнама» деп ғылымда аталып жүрген жазбада қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Үндістан аумақтарында болған тарихи оқиғалар түркітілді автордың ой елегінен өтіп баяндалады. Бұл мақалада орта ғасырларда шағатай түркі тілінде жазылған өмірбаянда тіркелген қазақ, қазақлық, қазақана сөздерінің семантикасы, қолданылу сипаты қарастырылады. Тілдік талдау барысында тілдік, тарихи-мәдени контекске баса назар аударылған. Тілдік деректерді талдау нәтижесінде анықталған мағыналар: қазақ – «қазақ елі мен ұлт атауы», «батыл», «батыр», «барлаушы», «қарақшы»; қазақлық – «саяси тұрақсыздық кезінде билеушінің өз жұртымен түзге шыққандағы күйі, іс-әрекеттер кешені (әскери шапқыншылық, барымта, қарақшылық т.б.)», қазақана – «қарапайым». «Бабырнамада» қолданылған мағыналар қазақ ұлтының аталуына негіз болды деген пікір ұсынылады. Сондай-ақ, қазақ – қарақ – алаш лексемаларындағы тілдік байланыс қарастырылады. Авторлар Захираддин Мұхаммед Бабыр өз өмірбаянында қазақ сөзінің көпмағыналығын шебер қолданған деген қорытындыға келеді.

Received 22 April 2024. Revised 28 May 2024. Accepted 18 November 2024. Available online 29 December 2024.



**Дәйексөз үшін:** Қ. Кенжалин, Ә. Таңсықбай, Л. Еспекова «Қазақ» сөзінің «Бабырнамадағы» семантикасы // Turkic Studies Journal. 2024. Т. 6. №4. 90-115 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-4-90-115>

**For citation:** Q. Kenzhalin, A. Tangsyqbay, L. Espekova Semantics of the word 'Qazaq' in the 'Baburnama' // Turkic Studies Journal. 2024. Vol. 6. No 4. P. 90-115. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-4-90-115>

## Кіріспе

Ұлт атауы – тұтас әлеуметтің дүниетанымын танытатын маңызды тілдік бірлік. Оның сақталуының ұлттық қауіпсіздікке тура қатысы бар. Бұны С. Маловтың мына бір пікірі айқын жеткізеді: «Бұл атаулардың (этнонимдердің – авт.) өзінде сол заманның тарихи өңі, ерекше сипаты сақталып тұр. Және керісінше – кейбір географиялық, этникалық атауларды өзгертуде сол жерлер мен тайпалардың революцияға дейінгі қараңғы тарихын санамыздан өшірудің ревоюциялық мәні бар...» (Малов, 1947: 476). Қазақ ұлтының атауын тілдік зерттеуде ғылыми ұстанымның маңыздылығы жайлы М. Дулатұлы былай дейді: «Тарих кітабы ғылым, білім арқасында ғана дұрыс иә орасан қатесіз шығуға мүмкін» (Дулатұлы, 2013: 198-199). Ғалым өз зерттеуінде көрсеткендей, берілген этнонимнің мағынасы жайлы қарама-қайшы пікірлер көп.

Қазақ сөзі мен солай аталған жұрттың тарихы жайлы ең алғашқы жазба дерек ретінде Мұхаммед Қайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» (XVI ғ.) еңбегі еске түседі. Парсы тілінде жазылған бұл тарихнамада: «Әбілқайыр хан қайтыс болған соң Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, арасында көп келіспеушілік туды. Олардың көбісі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына барған еді. Олардың саны екі жүз мыңға жететін. Олар өзбек-қазақ деп аталды. Алғашқы қазақ сұлтандарының үкіметі 870 жылы (1465 ж. – авт.) құрылды (Алла біледі). 940 жылға (1533 ж. – авт.) дейін қазақтар толықтай билік тізгінін ұстап тұрды (*qazāq bi`l-kull musta`shal šud* – М.Қ. Дулат)» (Дулат, Жеменей, 2020: 199-200).

«Тарих-и Рашиди»-ге дейін де Қазақ елі жайлы жазылған жазба ескерткіштері бар. Мұхаммед Қайдар Дулаттың бөлесі Захираддин Мұхаммед Бабыр қаламымен шағатай түркі тілінде жазылған «Бабырнама» (немесе «Оқиғалар») мәтінінде қазақ сөзі көп қолданылады.

## Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу материалы – З.М. Бабырдың орта ғасыр түркі тілінде XVI ғ. жазып қалдырған «*Ұақауи`*» («Оқиғалар»; «Бабырнама» деп танымал) түпнұсқасынан 1700 жылдарға жатқызылатын көшірме мәтіні. 382 беттен тұратын манускрипттің транскрипциясын беруде қолданылған басылымдар: П. Шамсиев, С. Мирзаев Хайдарабад, Қазан (Ильминский MS.) басылымдарын салыстырып дайындаған ташкенттік сыни басылым (Шамсиев, Мирзаев, 1960); У. М. Тэкстон дайындаған гарвардтық басылым (Thackston, 1993); С. Акгүл дайындаған стамбулдық сыни басылым (Akgül, 2020). Салыстыру барысында «Бабырнама» мәтінінің барлық нұсқаларын жинап, тиянақты зерттеп, басылымға шығарған А.С. Бевериджтің зерттеулері де ескерілген (Beveridge, 1902).

Сөйлемдердің аудармасын беруде қолданылған еңбектер: «Бабырнаманың» А.С. Беверидж (Beveridge, 1970) және У.М. Тэкстон (Thackston, 1996) дайындаған ағылшынша аудармасы; М. Сальеның орысша аудармасы (Салье, 1992); И. Жеменейдің қазақша аудармасы (Жеменей, 2023).

Ескерту: аталған зерттеу «Бабырнамадағы» қазақ сөзіне ғана арналғандықтан, аудармалардағы дәл емес немесе нақтылауды қажет ететін тұстарды көп талқыламаймыз. Мәселен, мәтіннің 71-бетінде мына сөйлем бар: «*Ošbu qıšlağta egändä Xudäyberdi Tuğçı, kim yangı ri`āyat qılıp beg qılıp edim, iki-üç qatla tüšüp Tambalning qazaqını başıp başlar kesip keltürdi. Andijān va Oš navāhisidin ham qazaq yigitlär`ayyārlıq bilä tinmäy barıp ilqıların süriip kišilärin öltürüp bisyār`ājiz qıldılar*» (71a) И. Жеменей былай аударарды: «Сол қыстауда болғанда Құдайберді Тоқшыға мейір-шапағат көрсетіп, бек қылып едім. Ол екі-үш рет қайта барып, Тәнбәлдің қарсылығын басып, басын кесіп алып келген. Әндіжан мен Ош өңірінде де қазақ жігіттер әиарлықпен тынбай шабуылдап, жылқыларын айдап, кісілерін өлтіріп, қатты әлсіреткен болатын» (Жеменей, 2023: 15). Бұл аудармаға келесідей түсініктеме береді: «Бабыр жоғарыдағы үзінділерде «қазақты» «әиар» сөзімен балама сөз етіп қолданған. «Әиар» сөзіне парсы түсіндірме сөздіктерінде былай анықтама берілген: «әиар – шапшаң, батыр, зерек, епті, жасампаз және сиқыршы адам. IX ғасырда керуен жолын кесіп, алған олжаларын халық игілігіне жаратып жүретін мәрт, жауынмәрт, жауынгер, батыр» (Жеменей, 2023: 15). Әлбетте, түркілік «қазақ» пен парсылық «әиар» табиғаты ұқсас және оларды бір-бірінің баламасы деп есептеудің семантикалық негізі бар. Дегенмен бұл қазақ тіліне аударма болғандықтан, `ayyārlıq сөзінің Науаида «шеберлік», «айлакерлік» (Фозилов, 1983: 64) мағынасында қолданылғанын ескеріп, айла деп аударуды жөн көреміз және әскери айлаға шапшаңдық та, айлакерлік те, батылдық та тән. Қазақтың «Шалғыншы болсаң, болжай біл, арбасқан жауды алдай біл» деуі де бұны түсіндіреді. Үзіндідегі *Xudäyberdi Tuğçı* есімін Тоқшы емес, Туғшы немесе қазақ тіліне ыңғайлатып Тушы деп берген абзал, себебі *туғшы/ тушы* – «ту көтеретін батыр». Т. Қажымұрат бұл жайлы: «Ондай адамдар ерлігі асқан, танымал баһадүр болуы міндетті. Ту көтеретін адамды «туғшы» (тушы) деп атаған» (Қажымұрат, 2021: 37), – дейді. Сондай-ақ бұл үзіндіде «*Tambalning qazaqını başıp başlar kesip keltürdi*» «Тәнбәлдің қарсылығын басып, басын кесіп алып келген» деп аударылады. Бұл жерде *qazaq* сөзі қарсылықты емес, батырлықты меңзеп тұр. Ал кесілген Танбалдың өз басы емес, – батырлардың бастары. Себебі келесі бетте Танбалдың туған ағасы Телбенің адам жинап, Ташкенттен көмекке келгені жазылады. Нәтижесінде Танбалдың артына түскен Бабырдың ізбасары Қасым Ғажап қапыда қолға түседі: «*Qäsım`Ajabnı, kim Axsıda`āriyatı qoyulup edi, azağlaq qazaq käyničä`çıqır qavlap Bıxratä bilä Xujand Suyıdın ötar. Tambalning qalın kišisigä uçrap eligä tüšti*» (72a). «Бабырнаманың» бүгінде жарыққа шыққан қай тілдегі қайаудармасын алсақ та, дәлсіздіктер-қателіктер көп кездеседі. Сондықтан сөздіктер де қолданылды: «Әлішер Науаи шығармалары тілінің түсіндірме сөздігі» төрт томдығы (Фозилов, 1983), «Шағатай түркшесі сөздігі» (Ünlü, 2013), «Ерте орта түркі тілінің сөздігі» (Boeschoten, 2022) т.б.

Тілдік, тарихи-мәдени контекстіні айқындауда Ш. Құдайбердіұлы, М. Дулатұлы т.б. ақын-жазушылардың еңбектеріне, сонымен қатар орта ғасырлық жазба ескерткіштер мен олардың зерттеулеріне (Subtelny, 2007; Lee, 2013 т.б.) сүйенеміз.

Сөйтіп семантикалық талдау барысында мәтін контекстісі, тілдік контекст және мәдени-тарихи контекстіге баса назар аударылған. Тіл білімімен қатар тарих, әлеуметтануды қамтитын пәнаралық әдіс қолданыс тапты.

### Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақ сөзінің қазір хрестоматиялық болып кеткен «кезбе», «қаңғыбас» деп түсіндірілуінің негізін А. Левшин, О. Сенковский қалады. Және бұл түсіндіру «Бабырнама» мәтініне негізделген. О. Сенковский Бабырдың шағатай тіліндегі шығармасында қазақ – «кезбе» (бродяга), қазақлық «кезбелік» (бродяжничество) деп көрсетеді (Левшин, 1832: 41). Шығыстанушы Запорож, Дон жағаларында өмір сүрген казактардың да атауын қазақтарға еліктеп алғанын айтады. А. Левшин қазақ сөзінің Х ғасырдың бұрын да қолданылғанын жеткізеді. Ғалымның пікірінше, ежелгі парсы шежірелерінде қазақтар тонау мен шапқыншылықтар арқылы өз атын шығарды және Бабыр естеліктерінде қазақ сөзі «кезбе» мағынасында және одан жасалған туындылар: қазақлық (кезбелік), қазақламақ (кезу, тентіреп кету) бірнеше рет кездеседі. Аталған мағыналар қазақ деп аталатын халықтың тұрмыс салтынан алынған деп есептейді (Левшин, 1832: 40-41). М. Дулатұлы ұсынылған пікірлерді талдай келе: «Қазақ бөлінуші, бетімен жайылушы, еркіндікті сүйші мағынада екендігі рас болғанда да, жұрт біткеннің бәрі бұл мағынаны «қазақ» деген бір сөзбен атауының қисыны жоқ. Өйткені жұрт біткеннің бәрінің тілі бір емес. Қазақ деген сөз бір жұрттың ғана тілі болып, өзге жұрттар өздерінің «қазағын» өз тілімен атауы керек емес пе? Сондықтан біз өзге жұрттардан бөлініп шығып, өз бетімен кетіп, қазақ жұртының тұрмыс-салтына еліктеп айтылған деген ориенталист Сенковскийдің пікірін дәлелді көреміз» (Дулатұлы, 2013: 206-207), – дейді.

Л. Будагов шағатай тілінде қазақ «еркін», «қаңғыбас», «мүлкі жоқ адам», «қарақшы» деген мағыналарда қолданылған деп көрсетеді (Будагов, 1871: 54). М. Тынышпаев «қарақшы»-ны қарақчи, басмач сөздерімен атайды, қазақ сөзі бұл мәнде қолданылмайды деп есептейді. «Бабырнамада» «кезу, тентіреп кету» мағынасындағы қазақламақ сөзінің тіркелмегеніне де назар аударады. Ғалымның пікірінше, Бабыр қазақлық сөзін негативті коннотацияда қолданған: «Қазақлық Бабырда халық мәніндегі «қазақ»-ты білдіріп қолданылады. Қырғыздар (қазақтар – авт.), өзбектер және басқа туыстас халықтар халық атауына -лық қосымшасын жалғағанда, оған тән жағымсыз мінезді, бейімді, басқа да қасиеттерді меңзейді; мысалы орыстық сөзі тек орыс халқына телінетін басқа халықтарға қатысты қатыгездікті, дөрекі қарым-қатынасты т.б. білдіреді; сарттық немесе сартшылық – сарттардың ұсақ-түйек пайдаға құмарлығын, алыпсатарлығын білдіреді; қазақлық немесе қазақшылық – қырғыздардың (қазақтардың – авт.) тұрақсыздығын, пәлелігін, қарапайымдылығын т.б. білдіреді» (Тынышпаев, 1925: 40-41).

«Бабырнама» мәтінін шағатай түркі тілінен қазақ тіліне алғаш аударған И. Жеменей қазақ сөзі түрлі мағынада қолданылған деп айтады. Мәселен, «еркіндіксүйгіш», «халықшыл» сынды ұғымдарға сыйдырып пайдаланған (Жеменей, 2023: 12). Қазақ,

қазақылық ұғымдары И. Жеменейдің «Тарих-и Рашиди» (Жеменей, 2020), «Бабырнама» (Жеменей, 2023) аударма кітаптарында мақала ретінде арнайы қарастырылғандықтан, ондағы тұжырымдар зерттеу барысында орын-орнымен беріліп, талқыланады.

А. Самойлович «Бабырнамада» *qazaq* сөзі «соғыстағы еріктілер» мағынасында қолданылады дейді (Самойлович, 2005: 573). Г. Благованың пікірінше, қазақ сөзі «көшпенділер арасында құрметке ие, соғыстағы олжа арқылы тәуелсіздік пен байлыққа қол жеткізгісі келетін еркін, батыл, ержүрек жас жігітті» білдіреді (Благова, 1970: 145-146). «Бабырнамадағы» сын есімдерді арнайы зерттеген Е. Чорбачи *qazaq* деп «батыл, ержүрек жігітті» (Çorbacı, 2012: 122) таниды. Бұған негіз де жоқ емес. Мәселен, Т. Жанұзақтың пікірінше, бұл атау «ер», «батыр», «жігіт», «адам», «кісі» деген мағынаны білдіретін қаз түбіріне жинақтық ұғымды білдіретін -ақ морфемасы жалғануы арқылы жасалған: «Қазақ» деген атаудың әуел бастағы лексикалық мағынасы «нағыз батыл кісілер, ержүрек жігіттер, батыр адамдар» болса керек, ал кейіннен бұл мағына өзгере, ұлғая келіп, «кең далада еркін көшіп-қонып жүрген тәуелсіз адамдар, ержүрек еркін кісілер» деген мағынаға ие болған» (Жанұзақ, 2015: 32).

С.Ф. Дейл «Бабырнамадағы» *қазақ* – «саяси қаңғыбас», ал *қазақтық* – «саяси шөлді кезіп, бекіністер мен патшалықтар үшін соғысқан немесе жоғалтқандарын қайтаруға тырысып, таласуға мәжбүр болған «тақсыз қаңғыбастың заманы», сондай-ақ мәтінде тіркелген *қазақана* сөзін «қаңғыбасқа тән/ қаңғыбастыкіндей» (Dale, 2004: 98-99), – деп анықтайды. М.Е.Субтельный қазақты «қарақшы, қаңғыбас, партизан және казак» деп, ал қазақтықты «сондай адамның қиын әлеуметтік немесе саяси жағдайдан, әдетте, жас кезінде қашып, отырықшы қалалық оазистердің шетіндегі, шалғайдағы бір аймақты кезіп жүрген бандитизм кезеңі» деп анықтайды (Subtelny, 2007: 29). Жу-Юп Лидің пікірінше, Бабыр *қазақ* сөзін батыр жігіттерді атау үшін пайдаланса, ал *қазақтық* сөзін «өзінің тақсыз, биліксіз жүрген кезеңі» және «шапқыншылық, партизандық соғыс» сияқты екі мағынада қолданады (Lee, 2013: 39). С.Акгүлдің пікірінше, «Бабырнамадағы» *qazaq* «көшпелі, үйсіз-күйсіз», *qazaqlıq* «жорықтағы сарбаз мен әскердің хәлі», ал *qazaqāna* «қазақтарға тән, қазақша» (Akgül, 2020: 861). Қ.Содиқовтың айтуынша: «Халық, этнос; адамның этникалық шығу тегі ретінде *qazaq* қолданылған», «Бабыр өз еңбегінде *qazaqlıq* сөзін де қолданған. Маңыздысы, бұл сөз түбірінің халық, этнос ретінде келген *qazaq*-қа қатысы жоқ; «сарсаң» дегенді білдіреді. Автор өзінің сарсаңмен өткен кездерін еске алады» (Содиқов, 2022: 33).

### Талдау

Ең алдымен құрамында *qazaq* түбірлі сөзі бар сөйлемдерді келтіреміз.

«Aksar *qazaqlıqlarda* va fatratlarda mening bilän bilä edilär» (11a) = «Көбінесе қазақтық пен бүлінген кездері менімен бірге еді», «Bir neçä yıldın song Adık Sultānğa, kim Cinggiz Xanning uluğ oğlu Joçi naslı *Qazaq* Sultānlarıdın dur, berdilär» (12a) = «Бірнеше жылдан соң Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған қазақ сұлтандарының бірі Әдік



Сұлтанға берді», «Adik Sulṭāndın song *Qazaq* ulusınıng xanı Qāsım Xan aldı. Derlär kim *Qazaq* xan va sulṭānlarıning arasında heçkim ol ulusnı Qāsım Xanča ɗabṭ qılğan emästür» (12a) = «Әдік сұлтаннан соң Қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды. Қазақ хандары мен сұлтандарының арасында ол ұлысты Қасым хандай билеген ешкім жоқ дейді», «*Qazaqlıqlarda* Masčā kohistānıdın Sulṭān-Maḥmūd Xan qaşığa barmaq`azımatı qılğanda Qāsım Beg ayrılıp Xusravšāh qaşığa bardı» (14a) = «Қазақтықтарда Масча таулы аймағынан Сұлтан Махмұт хан қасына баруға шешім қабылдағанда, Қасым бек ажырап, Хұсраушах қасына кетті», «Menıng bilä *qazaqlıqlarda* bar edi» (15a) = «Менімен бірге қазақтықта бар еді», «Songra *qazaqlıqlarda* Xujandqa keldi» (20a) = «Соңыра қазақтықта Ходжентке келді», «Oşol mī`ād bilä Ramaḍān ayı Andijāndın atlanıp Yār Yaylağ navāḥisığa yetkändä mırzalarınıng rūbarū olturğan xabarını tapıp Tolun Xwāja Muğulnı iki-üç yüz *qazaq* yigitlär bilä ılğar ayırdı» (39a) = «Сол миятпен Рамазан айы Әндіжаннан аттанып, Жаржайлау маңына жеткенде, мырзалардың бетпе-бет отырған хабарын тауып, Толун Қожа Моғолды екі-үш қазақ жігіттермен бірге шабуылға жібердік», «Tört-beş yıldın songra *qazaqlıqlarda* Masčādın xan qaşığa mutavajjih bolğanda Qāsım Beg oşbu jihātın bizdin ayrılıp Ҳишārgа bardı» (39b) = «Төрт бес жылдан соңыра қазақтықта Масчадан хан қасына бет алғанда, Қасым бек осы себептен бізден ажырап, Хисарға барды», «Tolun Xwāja atlığ Bārınning mardāna u sarāmad u *qazaq* yigitlärıdın edi» (52a) = «Толун Қожа атты Барынның мәрт (бұл жерде және кейін мәрт тұлғасы «батыл» көнерген мағынасында – авт.), кемеңгер, қазақ жігіттерінен еді», «`Ajab mardāna va *qazaq* yigit edi» (52a) = «Ғажап мәрт және қазақ жігіт еді», «Ağar tarahḥum qılıp tuturulmasa ya talatilmasa bizing bilä *qazaqlıqlarda* va miḥnatlarda bolğan jamā`atnıng hādir tanığan мәллариға bārı farmān bolsa kim eliglärigä kirsä oşmunča bilä qutulsalar minnatlar tutsalar keräk» (64a) = «Егер мейрімділік қылып тұтқындамаса я талатылмаса, бізбен бірге қазақтық пен бейнетте болған жамағаттың қазір таныған мүлкінің қайтарылуы бұйырылса, осылайша құтылғандарына алғыс тұтуы керек», «*Qazaqlıqlardın* va falakatlardın xalāş bolup yangla vilāyat alğan maḥallda `ajab bevaqt şikast edi» (65b) = «Қазақтықтан, пәлекеттен азат болып, уәлаятты қайтарған шағымда бұл бір ғажап уақытсыз жеңіліс еді», «Andijānda qışlamaqdın ğānim kişisigä heç ɗarar u āsıbı yetmäs, balk` oğurluq va *qazaqlıq* bilä küclätmäkinıng iḥtimālı bar dur» (70b), «Әндіжанға қыстамақтан жау кісілерге еш зарар-зиян жетпес, бәлкім ұрлық пен қазақтық арқылы күшеюі ықтимал», «Oşbu qışlağta egändä Xudāyberdi Tuğči, kim yangı ri`āyat qılıp beg qılıp edim, iki-üç qatla tüşüp Tambalning *qazaqın* başıp başlar kesip keltürdi. Andijān va Oş navāḥisıdın ham *qazaq* yigitlär `ayyārılıq bilä tinmäy barıp ılqıların sürüp kişilärin öltürüp bisyār `ājiz qıldılar» (71a) = «Бұл қыстауда болғанда Құдайберді Тушы (енді бек қылып жоғарылатқан едім) екі-үш мәрте түсіп, Танбалдың қазағын басып, бастарын кесіп әкелді. Әндіжан мен Ош маңынан һәм айламен қазақ жігіттер тынбай барып, жылқыларын айдап, кісілерін өлтіріп, қатты әлсіретті», «Qāsım `Ajabnı, kim Axsıda `āriyatı qoyulup edi, azağlaq qaraq (*qazaq* – Шамисев, 1960: 129) käyničä ċıqır qavlap Bıxratā bilä Xujand Suyıdın ötar» (72a) = «Ахсида уақытша қойылған Қасым Ғажап азын-аулақ қазақ соңына шығып, қуалап, Бихрата арқылы Ходжент өзенінен өтті»,

«Mening bilä qazaqlıqlarda va miḥnatlarda bolğan kişilär bilä yaman ma`āš qıla kirišti» (74b) = «Менімен бірге қазақтықта, бейнетте болған кісілерге қысым көрсете бастады», «Ošbu qiş sipāhıların ba`zısı bizing bilä qazaqlıqlarda yürüy almay Andijānğa barmaqqa ruxşat tilädilär» (97b) = «Бұл қыста әскерден кейбіреулер бізбен бірге қазақтықта жүре алмай, Әндіжанға бармаққа рұқсат тіледі», «Bu kaufiyyat mundaq egändür kim Ayyüb Begçikning tümänidin bir neçä Muğul Ošdın bizdin ayrılıp qaraqlıqqa (qazaqlıqqa – Шамисев, 1960: 162) Andijānning girdiğa kelgän egändürlär» (105a) = «Бұл жағдай осылай еді: Айуп Бегшіктің түменінен бірнеше моғол Ошта бізден ажырап, қазақтыққа Әндіжанның айналасына келген екен», «Yaqa yerdä ulğayğan üčün çadır va olturur yeri betakallufāna va qaraqāna (qazaqāna – Шамисев, 1960: 165) – qavun va üzüm va rikābxāna ašyāsı tamām özi olturur çadırdä» (108b) = «Шет жерде өскендіктен, шатыры және отырған жері қарапайым, қазақы – қауын мен жүзім және ат әбзелдерінің бәрі өзі отырған шатырда», «Özüm bilä qazaqlıqlarda bilä bolup kelgän beglärgä va yigitlärgä ba`zısığa kent va tüyül dek berildi» (144a-144b) = «Менімен бірге қазақтықта бірге болып келген бектер мен жігіттердің кейбіріне кент, жер телімі берілді», «Şayx Darveš Kükäldeş, kim aksar qazaqlıqlarda bilä edi, qorbegilik manşabı anda edi» (106a) = «Қазақтықта көбінесе бірге болған Шейх Дәруиш Көкелдас ол кезде қарубектік мансабында еді», «Qazaqlıqlarında Aḥmad Xan Ḥājjı Tarxan xanığa berip edi (164a)» = «Қазақтықта Ахмет Қажы Тархан ханға беріп еді», «Qazaqlıqlarında bir martaba Gurgān Suyını üzdürüp keçip bir pāra Özbāgnı yaxşı baştı» (165a) = «Қазақтықта бір мәрте Гурган өзенінен жүзіп өтіп, бір топ өзбекті жақсы басты», «Mırzāning qazaqlıqlarında bar edi» (170a) = «Мырзаның қазақтығында бар еді», «Γtibārı bu martabada edi kim Sulṭān-Ḥusayn Mırzā qazaqlıqıda anıng bilä mundaq şart qılıp edi har vilāyat kim musaxxar bolsa çahār-dāng mırzāning bolğay, du-dāng anıng» (170a-170b) = «Дәрежесі бұл ретте еді: Сұлтан Хұсайын мырза қазақтықта онымен бірге бұлай шарттасты – бағындырылған әр уәлаяттың оннан төрті мырзаныкі болғай, оннан екісі оныкі», «Mırzāning qazaqlıqlarında xiḍmatı yaqır Bihbūd Beggä bu `ināyatnı qılıp edi kim tamğada va sikkadä anıng atı edi» (173b-174a) = «Мырзаның қазақтығында қызметі жағып, Бихбуд бекке тарту еткені бұл еді: тамға мен теңгеде оның аты таңбаланатын болды», «Qısimtay bilä Böçkä bir neçä qazaq yigitlä bilä til tuta barğanda iki böläk kāfirning çarqunçısını başıp yetmiş-seksän kişi alurlar» (309a) = «Қысымтай мен Бөшке бірнеше қазақ жігіттермен бірге тіл тұтуға барғанда, екі топ кәпірдің шапқыншысын басып, жетпіс-сексен кісіні тұтқынға алды», «Qannawj sarı yürüp qazaq yigitlärnı muxāliflardın xabar alğalı ilgäri ayırdı» (336a) = «Қанауыжға қарай жүріп, қазақ жігіттерін жаудан хабар алуға ілгері жібердік», «Humāyünğa bu maḍmūnı bitildi kim ağar ḥālāğaçā mu`taddun-bihi işi bolmaydur, xud oğrı bilä qazaqnı man` qılğıl!» (358b) = «Хұмаюнға бұл мазмұнда жазылды: егер қазір айтарлықтай іс болмаса, ұры мен қазақты сабасына келтірі!», «Kitin Qara Sulṭānning nökäri, kim elçilikkä kelgän Kamāluddin Qanaq atlığ nökäriğä yibärip edi, sarḥadd begläriñing ma`āš u ixtilāṭıdın va qazaq va oğrıñing şakva u şikāyatıdın Qanaqqa nemälär bitip edi (361a)» = «Кітін Қара сұлтанның нөкері (елшілікке келген Камалуддин Қанақ атты нөкерге жіберіп еді) шекара бектерінің өзін-өзі ұстауы мен қазақ пен ұрыға

айып-шағымдарынан Қанаққа бірдеңе жазды», = «Qanaqqa ruxşat berip sarħadd beqlärigä farmānlar boldı kim qazaq va oğrını man` qılıp yaxşı ma`āş u ixtilāt qılğayar» (361a) = «Қанаққа кетуге рұқсат беріп, шекара бектеріне қазақ пен ұрыны сабасына түсірсін және өздерін жақсы ұстасын деп бұйрық бердім».

«Бабырнамада» қазақ сөзінің қазіргі тілдің белсенді қабатындағы мағынасында тіркелген жері бұл: «(Сұлтан Нігәр ханымды – авт.) бірнеше жылдан соң Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған қазақ сұлтандарының бірі Әдік Сұлтанға берді. Хандарды Шайбани хан басып, Ташкент пен Шахрухияны алғанда, он-он екі моғол нөкерімен бірге қашып, Әдік сұлтанға барды. Әдік сұлтаннан екі қызы болды: бірін Шайбани сұлтандарына, енді бірін Сұлтан Сейіт ханның ұлы Рашиг сұлтанға берді. Әдік сұлтаннан соң Қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды. Қазақ хандары мен сұлтандарының арасында ол ұлысты Қасым хандай билеген ешкім жоқ дейді» (12a). Бұл жерде қазақ сөзі хороним (мемлекет атауы) және этноним (ұлт атауы) я болмаса политоним ретінде қолданылған. С. Ибрагимовтың пікірінше, XV ғ. қазақ сөзі өзінің саяси сипатына ие болуынан бастап (политоним – авт.) өзбек сөзінен бөлек қолданыла бастады (Ибрагимов, 1960: 71). Бабырдың немересі Акбардың өмірі туралы 1590 жылдары жазылған «Акбарнамада» (авторы: Әбіл-Фазл) қазақ пен өзбек сөздері бөлек қолданылады. «Акбарнамада» Дештіден келген *Toqal* (немесе *Tawaqal*, А. Вамбери бойынша *Tökel*) *Qazāq* туралы жазылады (Beveridge, 1973: 1099). Бұл – қазақ ханы Тәуекел хан. Бұдан басқа, дулат тайпасын билеген Шер Мұхаммедтің Моғолстандағы *qazāqī* кезеңі жайлы айтылады (Beveridge, 1973: 842). Алаша хан (Кішік хан) мен Ханике ханның (Ұлығ хан) өзбек пен қазақтардан жеңіліс табуы жайлы жазылады (Beveridge, 1973: 843).

«Бабырнамада» қазақ сөзі этноним, хоронимнен басқа «батыр», «жауынгер» мағынасында қолданылады. Әлбетте Бабыр тұсында жеке ұлт болып тармақтала бастаған қазақ-тың бұдан басқа мағынада қолданылуына жан-жақты сараптама жүргізу үшін жалпы сол замандағы қазақ жұртының құрамы, тілі, мәдениеті сияқты аспектілерді қарастыру қажет. Темір мен Бабыр билеген халықтың этникалық құрамы жайлы жүргізілген зерттеулердің жұтаңдығынан «қазақ – қазақ ұлтының өкілі» және «қазақ – жауынгер адам» арасын нақты ажырату қиын.

«Бабырнамада»: «Толун Қожа атты Барынның мәрт, кеменгер, қазақ жігіттерінен еді» (52a), «Ғажап мәрт және қазақ жігіт еді» (52a) т.б. мысалдарда қазақ сөзі *ṁardāna* (мәрт, батыл, ержүрек), *sarāmad* (үздік, біртуар, дүр) сияқты сөздермен синонимдік қатар құрайды. «Бабырнамадағы» сын есімдерді зерттеген Е. Чорбачи қазақ «батыл, ержүрек адам» (Çorbacı, 2012: 122) деп анықтайды.

Бабыр түсінігінде қазақ – жағдайды өзгертуге батылдығы жететін адам, яғни көш бастаушы. Бабыр ғазалдарын жинап, зерттеген Б. Үшелдің еңбегінде Бабырға тиесілі мына екі жолды кездестіреміз: «Ḥajj yolıǵa kir köngül himmat birlä / Bir qazaq er bolsa yüz ming qāfila» (Yücel, 1995: 384) = «Қажы жолына кір көңіл жігермен / бір қазақ ер болса – жүз мың керуен».



Орта ғасырдағы түркі тілінде қазақ табиғаты пассионарға жақын. Бабыр өзінің және ұлттың жағдайын өзгертудегі жолын *qazaqlıq* деп атайды. Аталған сөздің мағынасын айқындау үшін Науаидағы сөз қолданысымен салыстырамыз.

Бабыр қазақ сөзін «қазақ», «батыр», «қарақшы» мәнінде өзгелерге қатысты қолданса, қазақлық сөзін өзіне және Хұсайын Байқараға қатысты қолданады. Хұсайын Байқара (1438-1506) – астанасы Герат қаласы болған Хорасан билеушісі. Науаи қазақ деп «көшбасшы», «батыр»-ды меңзейді, ал қазақлық сөзін өз досы Хұсайын Байқараға қатысты қолданады. Науаи өзінің «Жақсылардың ғажайыптары» хамсасында Хұсайын мырзаның бұзақылықты басып, билікке қол жеткізу жолын Рүстем батыр мен оның әкесі Зал (Зұл, Зол) образдарын қатыстыра жырлайды: «Жеңіс патша (Ғазы шах) қаһарының желі бір қыңыр масақты жеңіп, әділдік суы сол масақ өскен жерді гүлдеткені: Жеңіс патшаның сәтті деген шағы еді, / Тәж алайын деп таласар таққа дәмелі / Жүз-екі жүздей кісімен болды қазақ / Жүрген жері Хорезм еді, кейде Адақ» (Навоий, 1991: 135). Ұ. Сулаймон бұл жолға мынадай түсініктеме береді: «Бұл екі жолдың мазмұны: «Сағдатты шах Ғазы патшалық тәжі үшін күресіп, мүліксіз тақ таласып жүрген уақытында жанында жүз-екі жүзге адаммен бірге көшіп, кейде Хорезм жерінде, кейде Адақта болды» (Навоий, 1991: 401). Яғни бұл жерде қазақ сөзі «мүліксіз» дегенге саяды деп көрсетеді. «Әлішер Науаи шығармалары тілінің түсіндірме сөздігі» бойынша, осындағы қазақ – «мүліксіз, үйсіз жүруші әскери» (Фозилов, 1983, II: 21). В.Державин «нөкер» деп аударарды (нукеров верных сотни две всего) (Навои, 1972: 71-72). Сюжет бойынша патша бұл әскери жорықта Рүстем батырды өлтіреді. Әкесі Зал «қанға қан» қағидасына жүгініп, жауапқа тарпақшы болады. Сонда: «Zāl dedi kim: Qazaq erkändä šah, / Tiğ çekib kim, çekär erdi sipāh...» (Навоий, 1991: 136) = «Зал: «Патша қазақ болғанда», дейді, – «Қылыш сермесе, әскері де сермейді». В. Державин қазақ болуды «шегіну» (сначала *отступал* великий шах) (Навои, 1972: 71-72) деп аударарды.

Сондай-ақ Науаи «Жақсылардың жиналысында» Хұсайын Байқараның қазақтығы тұсында түркі ақыны, уәзір Мәулана Наймийнің өлімі жайлы дерек келтіреді: «Ham ol Һazratning qazaqlıqıda yara yer `alamdin ötti» (Navoiy, 2024: 13) = «Һәм ол әзіреттің қазақтығында жараланып, дүниеден өтті». Осындағы «әзірет» – жоғарыда жырланған қадірлі Жеңіс патша, яғни Хұсайын Байқара. С. Ганиева аудармасында бұл сөйлем: «Он был ранен в одном из бранных дел своего господина и скончался» (Навои, 1970: 27). «Бранные дела» деп сәтсіз аударылған, себебі орыс тілінде «әскери іс» деген мағынасы көнерген, ойға әуел келетіні «ругательство, сквернословие». Түсіндірме сөздікте: қазақлық – қашу, қуғындағы жүріс; жалғыздық» (Фозилов, 1983, II: 21). Осындағы қазақлық сөзінің «қуғын-сүргін» еместігін, «әскери жорық» екенін жоғарыда берілген «Жақсылардың ғажайыптар» жинағындағы мысалдан білуге болады. Сонымен бірге сөзімізге дәлел ретінде Хұсайын Байқараның «қазақ» боп жүргенінен хабар беретін өзге де тілдік деректерді келтіруді жөн көрдік.

Камал ад-дин Абд ар-Раззақ Самарқандидің XV ғ. жазғаны бойынша: «Мырза Сұлтан Хұсайын Дешті Қыпшақта біраз уақыт қазақ болған. Бұл кезде Хорезмге жорыққа

аттанғанда, сол ауданның әмірлері мен сардарлары ешбір шабуылына төтеп бере алмады» (Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды, 1941: 261). Науаидың: «Жүз-екі жүздей кісімен болды қазақ / Жүрген жері Хорезм еді, кейде Адақ», – дегені осы оқиғаға байланысты.

Қазақ пен қазақлық сөздерінің түсіндірілуіндегі бірізділік болмауының себебі – тарихи жазбалардағы лексемаларды бірбеткей қарастыру. Мәселен, «Тарих-и Рашидиде» Қыпшақ даласындағы қазақтың қазақ деп аталу уәжі келесідей түсіндіріледі: «Әуел баста қашып құтылып, өз жұртынан бөлініп, біраз уақытқа дейін сергелдеңде жүргендіктен, олар қазақ деп аталды және бұл лақап оларға тиесілі болды» (Dughlat, 2004: 404). Бұдан басқа деректер танымалдыққа ие болған жоқ. Мәселен, Махмұт ибн Уәли (XVII ғ.) қазақтың аталу уәжі жайлы былай дейді: «Олар Моғолстанға келіп, бастапқыда қалмақ пен қырғыз қауымын талан-таражға салып, шекаралас аймақтарда бөрі іспетті қарақшылықпен айналысқандықтан, қазақ деп аталып кеткен» (Вали, 1933: 132).

Бабырдың қаламына ілікпеген замандастары кемде-кем. Науаида «қазақ» боп жүрген Хұсайын Байқараның қазақтығы «Бабырнамада» да сөз етіледі: «Қазақтықтарда бір мәрте Гурган өзенін жүзіп өтіп, бір топ өзбекті жақсы басты. Енді бір мәрте Сұлтан Бұ-Сейіт Мырза мен Мұхаммед Әли Бақсы бастаған үш мың кісіні шабуылға жіберді. Сұлтан Хұсайын мырза алпыс жігітпен келіп, тас-талқанын шығарды. Сұлтан Хұсайын мырзаның бір жақсы және есте қаларлық ісі бұл еді» (165a).

Науаи хамсасында Хұсайын Байқараның Рүстем батырды өлтіргендіктен сотқа тартылғандығы Бабырда сәл өзгеше беріледі. «Бабырнама» бойынша батырды өлтірген – оның өзі емес, ұлы. Оны Хұсайын Байқараның мінезін сипаттағанда жазады: «Әңгімешіл және ақжарқын кісі еді. Қылығы бірнеше ұстамсыздау болған-ды. Сөзі һәм қылығындай еді. Кейбір іс-әрекеттерінде шарифатқа қатты жүгінген. Бірде кісіні өлтіргені үшін туған ұлын қан өтеуін сұрағандарға тапсырып, қазы сотына жіберді» (164b). Сондай-ақ Бабырда Хұсайын мырза келесідей суреттеледі: «Батыл және мәрт кісі еді. Өзі қылышты қатты шабатын еді, бәлкім, әр майданда қылыш шабатын-ды. Темір бек (Әмір Темір – авт.) нәсілінен дәл Сұлтан Хұсайындай қылышпен шебер шабатын ешкім мәлім емес» (164b).

Назар аударарлық жайт – Бабыр қазақ деп таныған адамдардың табиғаты ұқсас боп келеді. Оны нағашысы Алаша ханның мінезін сипаттауынан байқаймыз: «Кіші хан ағам ерекше мінезді кісі еді. Қылышпен шебер шабатын және мәрт кісі еді» (103a), «Шет жерде өскендіктен біршама ауылдық, дөрекілеу еді» (103b), «Кіші хан әділдігі мен мұсылмандығымен белгілі болған» (110b). Осы мысалдардан Алаша ханның қандай адам болғанын білеміз. Ендігі бір жерде Алаша ханның шатырын сипаттау үшін *qazaqāna* сөзін қолданады: «Kiçikrāk çadır tikiptürlär. Yaqa yerdä ulğayğan üçün çadır va olturur yeri betakallufāna va qazaqāna – qavun va üzüm va rikābxāna aşıyası tamām özi olturur çadırda» (108b) = «Кішірек шатыр тігіпті. Шалғайда өскендіктен болар, шатыры мен отыратын жері қарапайым, қазақы: қауын, жүзім, ат әбзелдері – бәрі өзі отырған шатырда».

Шығыс жазба ескерткіштерін зерттеген Жу-Юп Ли (Lee, 2013: 39), славян жазбаларындағы қазақ, казак, козак т.б. нұсқаларын теріп зерттеген Г. Благова (Благова

1970: 145) қазақ тұлғасы, кем дегенде бастапқыда, «батыр», «жауынгер» мағынасын білдіргенін жеткізеді. Г. Благова бұл сөздің орыс деректерінде семантикалық өзгерісін де тілге тиек етеді. Бұл мәселедегі саяси компонентті М. Дулатұлы «Қазақ-қырғыздың аты, тегін теріс ұғыну», «Қазақ қалай қырғыз атанды» т.б. (Дулатұлы, 2013: 198-214) мақалаларында қарастырады.

Сөзді дұрыс аудару үшін тарихи контексті ескеру қажет. Қазақ сөзін теріс аударушылар я көшпелі мәдениетті жете түсінбейді, я біле тұра саналы түрде бұрмалайды. Бұрыннан пайда болған «қазақ – өз билеушісі я ру-тайпасы қуып жібергендіктен, айдаланы кезіп, үйсіз-күйсіз жүруге дұшар болған адам» деген пікір әлі күнге дейін танымал. Біздің пікірімізше, Бабыр түсінігіндегі қазақ қазіргі қазақ этнонимінің аталу уәжіне сәйкес келеді және ол бойынша қазақ – түзге шығып, соғысуға шыңдалған батыр.

Көшпелі мәдениеттің сақшысы қазақ түзге шығады (жорыққа, саятшылыққа, барымтаға). Мал-мүлкін ағайындарына уақытша сеніп тапсырады. Түзде жүргенде, әсіресе әскери жорықта көп тұрақтамай, жылдам жүру қажет болғандықтан, әлбетте, өзімен бірге үйін көшірмейді – тек керек-жарағын (қару-жарақ, ат әбзелдері, азық, шатыр) алып жүреді. Көп жағдайда ат үстінде де ұйықтайтын болған. Батыр табиғатына төзімділік, шыдамдылық мінез тән және нәзік поэзияға жақын отырықшы мәдениеттегі жұрт үшін бұл сырт көзге дөрекі де көрінген. Қазақ тілінде «дұрыс» сөзінің ол кезде «тура» мағынасымен қатар «дөрекі»-ні де білдіргені сондықтан. Әскери әлеуетін жоғалпау үшін жауынгер ел жаңа жерлерді, халықтарды жаулап жүрді. М. Дулатұлы: «Арғы атасы түріктен бөлінбей тұрған заманда да, соңына өз алдына жұрт болып жүрген заманда да, қазақ жауынгер ел болып, кез келген жұрттың бәрімен соғыса бергені анық. Соғыста жеңген елдерін шауып алып, жетім-жесірді олжа қылып, ұлын құл, қызын күң етіп жүргені де мәлім» (Дулатұлы, 2013: 208). Қазақ жұрты әуел баста басқыншы саясатты ұстанған. Ұланғайыр жерді бағындырғаннан кейін қорғау саясатына көшті. Бұны Қазыбек би де атап өтеді: «Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз» (Зиманов, 2001: 263).

С. Дэйлдың пікірінше, Бабыр *qazaqāna* сөзін жақтырмау мәнінде қаңғыбастың шатырын меңзейді: «*Sadiq* (қарапайым), *rusta'ī* (ауылдық), *qazakanah* (қаңғыбастай)... Ағасының шатырына барған ол қауынның қабығы, жүзім мен ат әбзелдерінің ұқыпсыз, жиюсыз жатқанын айтады» (Dale, 2018: 29). «Бабырнаманың» ағылшын тіліндегі соңғы аудармасын жасаған У.М. Тэкстон *betakallufāna* мен *qazaqāna* сөздерін біріктіріп, *robber's den* «қарақшы үйі» (Thackston, 1993: 220) деп аударады. Түрік зерттеушілерінде: *qazaqāna* «қазақтарға тән, қазақша» (Akgül, 2020: 861; Öztürk, 2021: 484).

Бабыр синонимия әдісін шебер пайдаланады: шет тілінен сөзді берсе, көп жағдайда, қасына ана тілінен баламасын қосып отырған және керісінше (осылай жасау стилистикалық әдіс болумен қатар түсіндіру қызметін де атқарса керек). Сондықтан контекстіге назар аударайық. Шатырдың ішкі жағдайын сипаттағанда *qazaqāna* сөзімен

бірге *betakallufāna* сөзі қолданылған. Хинди тілінде кездесетін бұл сөздің мағынасын Дж. Шекспир «familiarly» (Shakespeare, 1848: 2298) «қарапайым», «сән-салтанатсыз» деп береді. «Бабырнама» мәтінінде бұдан басқа: Бабыр кептерхана төбесіндегі отырыс кезінде жолда келе жатқан елші Дәруиш Мұхаммедті көреді. Оған: «Tura va toqqa bilä elçilik qılurnı qouğıl! *Betakallufāna* kelgil!» (237b) = «Тоғра-тоғаңмен қоса елшілік қылуды қой! Бәлсінбей кел!», – дейді. Сондай-ақ әкесі Омар Шейхтің мінезін: «кеумäktä va yemäktä *betakalluf* edi» (7a) = «киімді де, асты да таңдамайтын еді», – деп сипаттайды. Демек *qazaqāna* – «қарапайым». Сонымен бірге кейбір басылымдарда бұл сөздің *qaraqāna* деп берілуі де көңіл аудартады (Thackston, 1993: 220). Ә. Нұрмағамбетов қазақ тілінде «жеке басы, соқа басы» мағынасындағы *қарақан*, *қарақан басы* сөздерін чуваш тіліндегі «сыңар» мағыналы *харахан* сөзімен байланыстырады (Нұрмағамбетов, 1994: 162). Айта кетерлігі, *қазақ* сөзі «үйлі болып бөлек шыққан адам» деген мағынаны да береді. Арабтанушы Қ. Қыдырбаев 1245 жылғы қыпшақ-араб сөздігіндегі қазақ сөзінің анықтамасына талдау жасай отырып, оның отбасылық жағдайды білдіретін «үйге кірген, үйлі болған, бөлінген, бөлініп еншісін алған» мағынасын көрсетеді (Қыдырбаев, 2016).

«Бабырнамада» түрлі нұсқада келгендіктен, «Жазба деректерде *қазақ* пен *қарақ* деп беріліп жүргеннің дені бір ме?» деген сұраққа жауап іздеу қажет. Мәселен, ғазнауид әулетінен бастап Бабырдың немересі Акбар патшаның билігіне дейінгі тарихи оқиғаларды XVII ғ. хатқа түсірген Қожа Низамуддин Ахмедтің «*Tabaqāt-i-Akbarī*» жазбасында Жапар ханның әкесінің есімі қолжазбада бірде *Qazāq Khān*, бірде *Qarāq Khān* деп таңбаланған (Ahmad, 1936: 311, 679). Жазба ескерткіштерде *qazaq* – *qaraq* ауысуы кездесіп жатады. XIX ғ. шағатай-осман сөздігін құрастырған Шейх Сүлеймен Әпенді Өзбеки әл-Бұхари еңбегінде *қазақшы* тұлғасы «қарақшы, ұрлықшы» мағынасында берілген (Ünlü, 2013: 601). Бұл емле қатесі ме, әлде фонетикалық нұсқа ма (түркі тілдерінде *r-z* ауысуы) – бұл сұраққа сөздің этимологиясын талдағанда жауап берген абзал.

«Ұлық болсаң – кішік бол» деп, ұрпағын тәрбиелеген қазақтың ділінде қарапайымдылық бар. Бұны Бабырдың Хұсайын Байқараның мінезін сипаттағанынан білеміз: «Жасына һәм салтанат құрған ұлық патша екеніне қарамастан, кішідей қошқар ұстап, кептерлермен ойнайтын еді. Тауыстарды ұрысқа салатын еді» (164b-165a). Бұл жерде қарапайымдылық та, жастыққа тән сотқарлық нышаны да бар. Сонымен бірге Бабыр Алаша ханың (Кішік хан) осыған ұқсас мінезін, оның кішіпейілдігін сипаттайды.

Қазақ деп Бабыр келесідей адамды таниды: 1) әскери өнерді жете меңгерген адам; қылышпен шебер шапқыласатын адам; 2) ісі мен сөзінде нәзіктігі жоқ яки ісі мен сөзі ажырамайтын турашылдық; 3) әділетке негізделген идеология бойынша өмір сүретін адам; 4) қарапайым адам; 5) сотқарлығы бар адам. Бұлардың бәрі *qazaq* ядросының семантикалық өрісінде жатыр. Осындағы «дөрекіліктеу» дегенінің тағы бір себебі – Бабыр өз ортасының адамы және қазақтықта көп жүрумен бірге ақын-жазушылармен де көп сұқбат құрған. Осы тұстан қарағанда, Бабырдың маргиналдық сипаты байқалады: қазақтықта көп жүргенін жеткізсе де, көшпенді қазақ сияқты аса шебер жауынгер болмаған; отырықшы аристократияға тән нәзік табиғаты болғанымен, Науаи сияқты



шебер ақын ретінде аты шықпаған және керісінше – екі мәдениеттің де озық сипаттарын (турашылдық, батылдық, жазушылық, архитектура қолдаушысы т.б.) бойына сіңірген тарихи тұлға.

«Бабырнамада» «сотқар адам» семасы гиперболизацияланып, «қарақшы» мағынасында екі рет қолданылады: «Хұсайынға бұл мазмұнда жазылды: егер әзірге өзінде айтарлықтай іс болмаса, ұры мен қазақты сабасына келтір!» (358b), «Кітін Қара сұлтанның нөкері (елшілікке келген Камалуддин Қанақ атты нөкерге жіберіп еді) шекара бектерінің өзін-өзі ұстауы мен қазақ пен ұрыға айып-шағымдарынан Қанаққа бірдеңе жазды. Қанақ ол келген кісіні мұнда жіберді. Қанаққа кетуге рұқсат беріп, шекара бектеріне қазақ пен ұрыны сабасына түсірсін және өздерін жақсы ұстасын деп бұйрық бердім» (361a). Неліктен Бабыр «қарақшыны» білдіру үшін (*oğri* «ұры» сөзімен қатар келгеннің қарақшы екені дау туғызбайды) Науаи сияқты *qaraqçı* (Фозилов, 1983, II: 36) тұлғасын емес, *qazaq* тұлғасын қолданды? Бұны лингвистикалық-экстралингвистикалық факторларға мән беріп түсіндіруге болады.

Ең алдымен ескерілетін жайт – «қарақшы» мағыналы қазақ мәтін құрылымы жағынан ең соңында қолданылады. Бұған дейін кездескен жердің ешқайсында қазақ «қарақшыны» айқын білдірмеген. Баяндалып жатқан оқиғалар кезіндегі Бабыр – Кабул мен Үндістан билеуші. Бұған дейін билік үшін күрескен Бабыр болған.

Қазақ сөзінің «қарақшы» мағынасында қолданылу сипаты тарихи оқиғалар мен автордың оған деген тілдік реакциясына қатысты. Темір әулеті мен Шайбани әулетінің Орта Азиядағы билік үшін күресі Бабырға қатты әсер етті. Бабыр өзінің қарсыласы Шайбани/ Шайбақ ханға және ол бастаған елге қатысты ойын ашық жеткізеді: «Özbäg dek yat yađı Xurāsānnı aldı» (208a) = «Өзбектей жат жау Хорасанды алды», «Özbäg va Şıbaq Xan dek yat el va qan duşman jamı` Temür Begning awlādınıng eligidäki viläyatqa mutaşarrif boldılar» (213a) = «Өзбек пен Шыбақ хандай (Шайбақ/ Шайбани – авт.) жат ел мен қан дұшпан барлық Темір бек әулетінің қолындағы уәлаятқа қожайын болды», «Yana jamı` Māvarānnahr vilāyatları Özbäg xavānīn u salātinining taşarrufida edi. Yüz minggä yavuuq çerigläri bar erdi. Qadimi duşman edi» (270a) = Енді барлық Мәуераннахр уәлаяттары өзбек хандары мен сұлтандарының билігінде еді. Жүз мыңға жуық әскері бар еді. Байырғыдан дұшпан еді» т.б. Ш. Құдайбердіұлы Қасым ханның бұл әулетаралық соғыста аталас Шайбани ханды қолдағанын хабарлайды (Құдайбердіұлы, 2018: 125). Сонымен қатар «Бабырнамада» Хұсайын Байқараның қолбасшысы Зуннун Арғын әскерінің де Шайбани ханнан жеңіліс табуы баяндалады. Демек Қыпшақтағы қазақтардың қолдамауы (Қасым ханның әйелі – Бабырдың нағашы тәтесі Сұлтан Нігәр ханым), Зуннун Арғынның жеңілісі (1507 ж.) ақырында Бабырдың Ауғанстан, Үндістанға барып, өз мемлекетінің негізін қалауына әкелді. Бұл тарихи оқиғалардың нәтижесі Бабырдың өмір соңында қазақ сөзін жағымсыз мәнде қолдануына себеп болуы мүмкін.

Стилистикалық табиғаты жан-жақты «Бабырнамада» аталған мағынадағы қазақ сөзі хат ішінде жазылғанын да ескеру қажет. Г.Ф. Благова XV-XVI ғ. тимуридтік Мәуераннахрдағы тілдік жағдайды қарастыру барысында «канцелярлық жазба тіл»



аясында Бабырдың әкесі Омар Шейх хаттарына түркі-ирандық билингвизм тән деп топшылайды (Благова, 1986: 47). Л. Будагов: «шағ. *قزاق* еркін, қаңғыбас, мүлкі жоқ адам; қарақшы» (Будагов, 1871: 54) деп көрсетеді. А. Самойлович Л. Будаговтың осылай анықтама беруін Фазлуллахан Барластың «Лұғати түркі» сөздігімен байланыстырады. «Лұғати түркі» – Бабырдың ұрпағы Сұлтан Мұхаммед Аурангазед Баһадүрдің бұйрығымен жазылған 1779 жылғы сөздік (Султанова, 1991: 39). Бұл сөздікте араб әліпбиімен жазылған қазақ *قزاق* сөзі *قراق* тұлғасымен шатастырылған және Л. Будагов сол күйі алған деп топшылайды (Самойлович, 1927: 5-16).

Бабырдың жазбаларынан оның Орта Азия, Кабул, Үндістан елдеріндегі ресми іс саласынан жете хабардар екенін байқаймыз («Бабырнамада» хаттар, бұйрықтар, кіріс есептер бар; елдердің саяси дискурсы талданады). Демек Бабыр қазақ тұлғасының өзге елдің тілінде қолданылу сипатын білмеуі мүмкін емес. Бабыр билік еткен Ауғанстан, Үндістандағы елдердің тілінде *qazaq* сөзі нендей мағына беретініне шолу жасайық.

Г. Рамстед пушту тіліндегі (шығыс иран тілдер тобы, Ауғанстан тілінің ресми тілі) сөздердің этимологиясын қарастыру барысында *qazaq* тұлғасының «сарбаз» мағынасымен қатар «қарақшы» мағынасында қолданылатынын көрсетеді: «*Qazzāq* «қазақ», «қарақшы» < монғ. *qazdōy*, *qazōy* «қазақ», «сарбаз»; түрк. *qazaq*» (Ramstedt, 1905: 5). Г. Дерфер де бұл деректі келтіреді (Doerfer, 1967: 468).

С.У. Фэллоның көрсетуінше, урду тілінде (үнді-арий тіл тобы, үндістани тілінің функционалдық стилі): «*qazzāq* ұры; пайда үшін күресуші; қарақшы; қазақ (Cossack); топпен қарақшылық жасаушы; кейде ат үстінде қарақшылық жасаушы». Сондай-ақ ғалым *qazzāq-i ajal* «ажал періштесі» (the angel of death), «*Khudā razzāq*, *bandā qazzāq*» «Құдай – жан беруші, пенде – жан алушы» («God the giver, man the slayer») сияқты фольклорлық деректерді келтіреді (Fallon, 1976: 886).

М. Дулатұлы қазақ пен *алаш* сөздерінің бір мағына беретінін анықтайды. Ш.Құдайбердіұлы сөз еткен аңызды мысал келтіреді. Шәкәрім *алаш* сөзі туралы этимологияны «Бабырнамадан» алғандықтан, мәтіннің тура өзінен үзіндіні келтіреміз: «Сұлтан Махмұт ханнан кіші Сұлтан Ахмет хан еді. Есімі «Алаша хан» ретінде мәшһүр. Алашаның аталу уәжі бұл – қалмақ пен моғол тілінде өлтірушіні «алашы» дейді. Қалмақты бірнеше мәрте басып, қалың кісіні қырғаны үшін «алашы» деп қайта ұрандатқаннан «Алаша» болыпты» (11b). Х. Досмұхаметұлы *алашы* сөзі қалмақ тілінде «өлтіргіш», «аямаушы», «жауынгер», «аңшы» сияқты мағыналарды білдіретінін айтады (Дулатұлы, 2013: 212). Демек семантикасы «қазақ»-қа сәйкес келеді, яғни қазақ пен *алаш* – синонимдер. М. Дулатұлының пікірінше, «қазақ», «алаш» сөздерінің түбінде бір көмескілік бар және «алаш» қазаққа ұран боп қалған деген мәнісі ақиқатқа жақын (Дулатұлы, 2013: 212-213). Махмұт ибн Уәлидің қазақтардың қалмақтарды бөрідей шақпандықтан қазақ деп аталғанын көрсетуі (Вали, 1933: 132), *алаш* сөзінің «өлтіруші» мағынасында қолданылуы, «*Khudā razzāq*, *bandā qazzāq*» «Құдай – беруші, пенде – өлтіруші» дегенде қазақ сөзінің де «өлтіруші» деп берілуі бастапқыда бұл этнонимнің экзоэтноним ретінде қолданылуы ықтималдығын көрсетеді. М. Дулатұлының Х ғ. өзінде

қазақтың жеке жұрт болғандығын айтуы (Дулатұлы, 2013: 214), Р. Сыздықтың алаштың XIII ғ. өзінде болғанын көрсетуі (Сыздықова, 1989: 48) және аталған жұрт атауларының синоним болуы заңды көрінеді. Р. Сыздық *алаш* сөзінің түп-төркінін қарастыра келе, оның «ел, жұрт», «қазақ қауымы», «өз руластары», «жақыны, айналасы», «жау, жат» сияқты мағыналарын ажыратып, соңғы жағымсыз мағынаны моңғол, қалмақ тілдеріндегі қолданысымен байланыстырады. Ғалымның өз сөзі: «Монғолша *алач* сөзінің бір мағынасы «кісі өлтіруші, жан алғыш», қалмақ тілінде *алач* – «баскесер». Бұл сөздің қазақ тіліндегі «жау, дұшпан» мағынасында қолданылуына оның моңғол тілдеріндегі ұғымы да себепкер болуы мүмкін, яғни *алаш* сөзінің «кісі өлтіргіш», одан шыққан ауыспалы мағына «жау, дұшпан» деген ұғымы қазақ тілінде өте ертеден келе жатуы ықтимал, яғни бұл сөз осы мағынада түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөз болуы да мүмкін немесе соңғы ғасырларда үнемі сыртқы жауларының бірі болып келген моңғол тайпалары – қалмақтар мен жоңғарлардың тіліндегіше «жан алғыш, баскесер» мағынасынан ауысып, «жау, жат» мағынасында қолданылып кетуі мүмкін» (35-36). Десек те, екі тұлғаның бойында «батыр», «жауынгер», «өлтіруші» мағыналары бар. Көшпенділерде және жалпы дүние жүзінде бар ұлттар тарихында жауды үрейлендіретін ұрандарды қолданғаны мәлім. Кейіннен ол ұрандар ұлт атауына айналып жатқан. Және керісінше ұлт атауы ұрандатылатын болған. Жаугершілік заманда қара халықтың да өзінің батыр жұрттан екенін айтудың маңызы болған. Ол әлеуметтік жеңілдіктер мен қауіпсіздікті қамтамасыз еткен. Қазақ жұртына қорлық жасағандар қылмыстың жазасы болатынын білген. Ә. Қайдардың: «Қазақ – «Алаш» ұранды халық» (Ел аузында көп айтылатын сөз) < Өтебойдақтың жазуына қарағанда (Шипагерлік баяны, 21-6.), ол бұл сөзді («Алаш ұранды күллі қазақ» дегенді) кезінде Әз Жәнібектің өз аузынан естіген екен. Қазақ шежіресінде «Қазақ халқы – алты Алаштың бір баласы», сондықтан алтауына ортақ Алаш ұранды қазақтың да ортақ ұраны саналады деген әңгіме бар >» (Қайдар, 2008: 13), – деуі де осыған сәйкес келеді.

Сөйтіп, *қазақ* деген – Бабырда «үйсіз-күйсіз кезбе адам» емес, – батыр. Мысалы: «Толун Қожа Моғолды екі-үш жүз қазақ жігіттермен шабуылға жібердік» (39а), «Осы қыстауда болғанда Құдайберді Тушы (бек қылып енді жоғарылатқан едім) екі-үш мәрте шабуылдап, Танбалдың қазағын басып, бастарын кесіп әкелді. Сондай-ақ Әндіжан мен Ош маңынан қазақ жігіттер айла қолданып, тынбай жылқыларын айдап, кісілерін өлтіріп, әбден әлсіретті» (71а), «Ахсида уақытша қойылған Қасым Ғажап азын-аулақ қазақ соңына шығып, қуалап, Бихрата арқылы Ходжент өзенінен өтті» (72а), «Қысымтай мен Бөшке бірнеше қазақ жігіттермен тіл тұта барғанда, екі топ кәпірдің шапқыншысын басып, жетпіс-сексен кісіні тұтқынға алды» (309а). «Өзеннен өтіп, ара қонып, Қаннауыжға жүрдік. Қаннауыжға қарай жүріп, қазақ жігіттерін жаудан хабар алуға ілгері жібердік» (336а). Осындағы *қазақ жігіті* «барлаушы», «қуғыншы», «партизан» дегенге сәйкес келеді. Барлау, қудалау, жазалау, барымталау сияқты әрекеттерге шапшаң әрекет етуге жатыққан, қаруды шебер пайдаланатын батырларды жұмылдырған. Бұны «Бабырнама» мәтіні де қуаттайды. Мәселен, «Қысымтай мен Бөшке бірнеше қазақ жігіттермен бірге

тіл тұта барғанда, екі топ кәпірдің шапқыншысын басып, жетпіс-сексен кісіні тұтқынға алды» сөйлеміндегі «тіл тұту» әрекеті – әскери өнердегі аса маңызды тактикалық әрекеттердің бірі. Тіл тұту – барлаушы топтың мәліметке қол жеткізу үшін жау адамын тұтқындауы. Бұл әрекет тұтқиылдан жасалады және әскери өнерді білуді талап етеді. Айта кетерлігі, V-VII ғ. византийлік әскери трактаттарда «тіл тұтқындау» тіркесінің денотаты Бабырдағыдай (Кучма, 1984: 34). Қысымтай мен Бөшкенің арнайы жасақты басқарғандығы жайлы «Бабырнаманың» мына жерінде айтылады: «Жаудың соңынан жүргенде Ыбырайымның шыққаны күтілгендіктен, арнайы топтан Қысымтай мырза, Баба Жора және Бөшке басшылығымен қуғыншы дайындадық. Аграға жеткенше шұғыл барып тұтқындауын бұйырдым» (267b). Демек осындағы қазақ жігіттері – шұғыл әрекет етуші арнайы әскери топ (*xāṣṣa tabın*) сарбаздары.

«Бабырнама» мәтінінде 14 жерде тіркелген *qazaq* сөзімен қатар *qazaqlıq* сөзі де белсенді қолданылған (18 рет).

«Бабырнама» мәтінінде *qazaqlıq* сөзі 1) «саяси дүрбелеңде билік етуге дәмелі адамның өз ізбасарларымен, жұртымен түзге шығып күш жинауы»; 2) «әскери жорық»; 3) «барымта». Бұны шартты жіктеу деп есептеген абзал, өйткені бұның бәрі бір құбылыстың сипаттарына жатады.

«Екінші қызы – менің анам Құтлық Нігәр ханым. Көбінесе қазақтық пен бүлінген кездері менімен бірге еді» (11a). Бұл үзіндідегі мағынасы жайлы И. Жеменей: «Бабыр анасын қарақшылық пен барымта жасауға өзімен бірге алып жүрмесі анық. Сондықтан «қазақ + лық» аталған мәтінде орталық биліктен шеттеп, еркін жүрісті меңзейді», – дейді де, бұл кезеңге көшудің 3 себебін көрсетеді: 1) таққа таласқан қарсыластың қуатты болуынан даланы пана тұтып, қашқын күйде жүруі; 2) орталық билікке бағынғысы келмейтіндер далада аң аулап, сәтті уақытын күтіп тіршілік ете тұруы; 3) болмыс-табиғаты қалалық тіршілікті сүймейтін жандар, қазақылық өмір салтын ұстанады. Олар – даладағы еркін өмірді қалайтын адамдар (Жеменей, 2023: 12).

«Қазақтықтарда Масча таулы аймағынан Сұлтан Махмұт хан қасына баруға шешім қабылдағанда, Қасым бек ажырап, Хұсраушах қасына кетті» (14a). И. Жеменейдің пікірінше, бұл сөйлемде *qazaqlıq* «еркін өмір салтындағы далалық» деген мағынада қолданылған: «Бұл адамдар өмірден шаршап-шалдыққанда жайлауға барып демалып, бой жазған жағдайды меңзейді. Екінші жағынан түркілер қаншалықты қалада тұрса да далаға, оның еркін өміріне сағынышы жоғалмаған» (Жеменей, 2023: 13). Бұл дәл емес деп есептейміз, себебі мәнмәтін бойынша басқа себеп меңзеліп тұр. Осындағы Қасым бек тұрақсыздық, қиындық кезінде Бабырдан бөлініп, Хұсрау шахқа қосылады, ал ол өз кезегінде қол астындағы адамдарымен Бабыр билігіне қарсы қол көтереді. «Ойыма келгені: «Бұлай таудан-тауға алахан-аламан боп, уәлаятымыз жоқ, жеріміз жоқ жүргеніміз бекер. Хан қасына (нағашы ағасы Махмұт хан/ Ханике – авт.) Ташкентке жылдам бару керек. Қасым бек бұл жүруге риза болмады» (99b) – бұл үзінді Бабырдың жайлауға демалуға бармағанын көрсетеді. Бабырдың түсінігіндегі қазақтық – қауіп-қатерге толы қиын кезең. «Қазақтықтан, пәлекеттен азат болып, уәлаятты қайтарған

шағымда бұл бір ғажап мезгілсіз жеңіліс еді» (65b), «Менімен бірге қазақтықта, бейнетте болған кісілерге қысым көрсете бастады» (74b) т.б. – бұл мысалдардан да Бабырдың *qazaqlıq* деп қауіп-қатерлі кезеңді білдіргенін аңғарамыз. «Бұл қыста сарбаздардың кейбірі бізбен бірге қазақтықта жүре алмай, Әндіжанға баруға рұқсат сұрады» (97b), «Мырзаның қазақтығында қызметі жағып, Бихбуд бекке тарту еткені бұл еді: тамға мен теңгеде оның аты таңбаланатын болды» (174a), «Қазақтықта бір мәрте Гурган өзенінен жүзіп өтіп, бір топ өзбекті жақсы басты» (165a) т.б. – бұл жерде осындай қиын жағдайды өзгертуге бағытталған іс-шаралар кешені меңзеледі. Қазақтықта жаңа жерлерді жаулап алу, барымтамен айналысу т.б. әрекеттер жасалады. Мысалы, әскери жорық кезінде бағындырылған елдерді үлестіру бойынша Сұлтан-Хұсайын мырза мен Мұзаффар Барлас арасындағы шартты талқылайды: «Енді бірі Мұзаффар Барлас. Мырзаның қазақтықтарына қатысты. Соншама мейірімділік танытатындай мырзаға қай әрекеті жаққанын білмеймін. Дәрежесі бұл ретте еді: Сұлтан Хұсайын мырза қазақтықта онымен бірге бұлай шарттасты – бағындырылған әр уәлаяттың оннан төрті мырзаныкі болғай, оннан екісі оныкі» (170a-170b). Сонымен бірге «қарақшылық» мағынасында да қолданылады: «Бірнеше күннен соң кеңесіп мынадай шешімге келдік: Әндіжанда қыстайтындықтан, жаудың адамдарына еш зарар-нұқсан жетпес, бәлкім ұрылық пен қазақтық арқылы күшеюі ықтимал» (70b), «Айдалған ел ол тараптан-бұл тараптан жиылып келді. Кейбір абадан-абадан жігіттер осы айдағанмен Ошқа жетіпті. Бұл жағдай былай болды: Айуп Бегшіктің түменіндегі бірнеше моғол Ошта бізден ажырап, қазақтыққа Әндіжан айналасына келген болатын» (105a).

### Нәтижелер

«Бабырнама» мәтінінде *qazaq* (13~14), *qazaqlıq* (17~18), *qazaqāna* (?) тұлғалары анықталған. *Qazaq* – 1. а. зат е. Қазақ елі мен ұлты, оның өкілі (12a); 2. а. сын е. батыл, ержүрек (39a, 52a, ); b. *қазақ*, *қазақ жігіт* зат е. батыр, партизан, барлаушы (71a, 309a, 336a, ); 3. зат е. қарақшы (358b, 361a). *Qazaqāna* – сын е. қарапайым (108b). *Qazaqlıq* – 1. а. зат е. саяси тұрақсыздықта билеушінің өз жақтастарымен түзге шығып кетіп, күн көрген кездегі хәлі (11a, 14a, 20a, 39b, 64a, 65b, 74b, 164a, ); b. зат е. билікке қол жеткізу жолындағы әрекеттер кешені (әскери жорық, саятшылық, барымта) (15a, 97b, 144a, 106a, 165a, 170a, 170b, 173b, ); c. зат е. қарақшылық (70b, 105a).

### Қорытынды

Қазақ пен қазақтықтың тарихтан белгілі және «Бабырнамада» түсіндірілген табиғаты – батырлардың көш бастап, жаңа жерлерді жаулауы, нәтижесінде жұртты құтты мекенге жайғастыруы. Тарихтан белгілі мысалдар: Хұсайын Байқара өз жұртымен қазақ боп жүріп Хорасан билеушісі атанады (билік құрған жылы 1469-1506); Бабыр өз жұртымен қазақ боп жүріп Кабул мен Үндістан билеушісі атанады (Мәуераннах әмірі (1497-1498); Ферғана

әмірі (1494-1500); Кабул әмірі (1504-1530); Дели сұлтанатының патшасы (1526-1530)); Керей мен Жәнібек сұлтандар қазақ боп жүріп Қазақ хандығын құрайды, (билік құрған жылдары: Керей хан (1465-1474), Жәнібек хан (1474-1480), ал Қасым хан (1511-1521) ата жолын қуып, Қазақ хандығының іргетасын нығайтады, қазаққа ұланғайыр жерді мұра қып қалдырады. Осылардың ішінде ұлт атауын сақтап қалған бір ғана ұлт бар, ол – қазақ. Кезінде қазақ атауын тартып алған болатын. Алаш зиялыларының күшімен ұлтқа қайтарылған. Сырт тұлғасы бар болғанымен, семантикасы бұрмаланып келген. Сол себепті ұлттық болмысты сақтап қалу жолында лингвистикалық зерттеулердің өзектілігі байқалады. Бұған қоса қазақтық парадигмасының ұлт тәрбиесінде белсенді қолданылуы қажет. Ол үшін қазақ ұлтының сөзін, тарихын түгендеп, зерттеу маңызды.

### Әдебиет

Бабыр З.М., 2023. Бабырнама / ауд. И. Жеменей. Алматы: Дарын. 458 б.

Благова Г.Ф., 1970. Исторические взаимоотношения слов казак и казах // В сб. Этнонимы. Москва: Наука. С. 134-159.

Благова Г.Ф., 1986. О языковой ситуации в тимуридском Мавераннахре (рубеж XV-XVI вв.) // Turcologica 1986: К восьмидесятилетию академика А.Н. Кононова. С. 42-52.

Будагов Л.З., 1871. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий со включением употребительнейших слов арабских и персидских. СПб.: Изд. АН. Т. 2. 415 с.

Дулат М.А., 2020. Тарих-и Рашиди / ауд. И. Жеменей. Алматы: Қазақ университеті. 367 б.

Дулатұлы М., 2013. Шығармалар жинағы. Алматы: Өлке. 288 б.

Жанұзақ Т., 2015. «Қазақ» аты қайдан шыққан? // А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. №3. Б. 27-33.

Зиманов С.З., 2001. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. Алматы: Жеті жарғы. 220 б.

Ибрагимов С.К., 1960. Еще раз о термине «казак» // В кн.: Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. ТИИАЭ АН КазССР. Т. 8. С. 66-71.

Кучма В.В., 1984. «Стратегикос» Онасандра и «Стратегикон Маврикия»: опыт сравнительной характеристики // Византийский временник. 45 (70). С. 20-34.

Қайдар Ә., 2008. Қазақ қандай халық? Алматы: Дайк-Пресс. 652 б.

Қажымұрат Т., 2021. Қазақ тарихындағы «ту», «байрақ», «жалау» ұғымдары туралы // Архив хабаршысы. Нұр-Сұлтан қ. №1-2. Б. 35-43.

Құдайбердұлы Ш., 2018. Шығармалары. Астана: Фолиант. 2-том. 376 б.

Қыдырбаев Қ., 2016. «Қазақ» сөзінің мағынасы қандай? (1245 жылы жарық көрген қыпшақ-араб сөздігінің қолжазбасы негізінде). 11.06.2016. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.muftiyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2016-06-11/19453-aza-szn-mayinasyi-andaj-1245-zhyilyi-zharyi-krge/> (қаралған күні: 16.04.2024).

Левшин А.И., 1832. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. СПб.: Типография Карла Крайя. Ч. 2: Исторические известия. 330 с.

Малов С.Е., 1947. Мир Алишера Навои в истории тюркских литератур и языков Средней и Центральной Азии // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. 6 (6). С. 474-480.



- Махмуд ибн Вали, 1933. Бахр ал-асрор, ркп. ИВ АН УзССР. № 1375. fol. 132a
- Навои А., 1970. Сочинения в десяти томах. IX: Собрание избранных. Жизнеописание Сайида Хасана Ардашера. Жизнеописание Пахлавана Мухаммада. Перевод Суйимы Ганиевой. Ташкент: Фан. 219 с.
- Навои А., 1972. Поэмы. Перевод со староузбекского. Москва: «Художественная литература». 828 с.
- Навоий А., 1991. Мукаммал асарлар тўплами. Еттинчи том. Хамса: Ҳайратул-аброр. Тошкент: Фан. 422 б.
- Нұрмағамбетов Ә., 1994. Бес жүз бес сөз: (сөз төркіні). Алматы: Рауан. 303 б.
- Самойлович А., 1927. О слове «казак» // Сб. «Кзаки». Л. С. 5-16.
- Самойлович А.Н., 2005. Тюркское языкознание. Филология. Руника / Сост. и отв. ред. Г.Ф. Благова, Д.М. Насилов. М.: Восточная литература. 1053 с.
- Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, 1941. II: Изв. из персидских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном и обр. А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Москва: Изд. АН СССР. 308 с.
- Содиқов Қ., 2022. Бобурнинг тил билими борасидаги қарашларига бир боқиш («Бобурнома» мисолида) // *Sharq ma'shali*. Б. 30-46.
- Султанова Н.К., 1991. Лексикографический памятник, созданный бабуридами в Индии // *Ўзбекистонда ижтимоий фанлар*. №9. С. 39-42.
- Сыздыкова Р.Г., 1989. Язык «Жами`ат-тауарих» Жалаири. Алма-ата: Наука. 242 с.
- Сыздыкова Р., 2014. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре». 411 б.
- Тынышпаев М., 1925. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент: Восточное Отделение Киргизского Государственного Издательства. 70 с.
- Фозилов Э.Ф., 1983-1985. Алишер Навоий асарлари тили изоҳли луғати. Тўрт томлиқ. Тошкент: Фан. 1983. I. 1983. 656 с. II 644 с. 1984. III 624 б. IV. 1985. 636 б.
- Abu-l-Fazl, 1973. The Akbarnama (English translation) / translated from the Persian by H. Beveridge. Delhi: Rare books. 1200 p.
- Akgül S., 2020. Bâbürnâme'nin Haydarâbâd nüshasinin transkripsiyonu ve söz dizimi incelemesi: doktora tezi. İstanbul: İstanbul üniversitesi. 1272 b.
- Beveridge A.S., 1902. Further Notes on the MSS. of the Turkî Text of Bābar's Memoirs // *The Journal of the Royal Asiatic Society of Great Britain and Ireland*. Cambridge University Press. P. 653-659.
- Boeschoten H., 2022. A Dictionary of Early Middle Turkic. Leiden: Brill. 608 p.
- Çorbacı E., 2012. Babürname'de sıfatlar. Aydın. 347 s.
- Dale S.F., 2004. Garden of Eight Paradises Babur Culture of Empire in Central Asia Afghanistan & India 1483-1530. Leiden: Brill. 520 p.
- Dale S.F., 2018. Babur Timurid Prince and Mughal Emperor, 1483-1530. Cambridge: University Press. 262 p.
- Doerfer G., 1967. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen: Türkische Elemente im Neupersischen. Wiesbaden: Franz Steiner Verlag. 670 p.
- Dughlāt M.H., 2004. Tārikh-i Rashīdī. 'Abbāsquḷī Ghaffārī Fard (ed.). Tehran: Written Heritage Publ. 211 + 859 p.
- Fallon S.W., 1976. Urdu-English Dictionary. Gulberg-Lahore: Central Urdu Board. 1216 p.

Lee J.Y., 2013. The Socio-Political Phenomenon of Qazaqlıq in the Eurasian Steppe and the Formation of the Qazaq People. University of Toronto. 293 p.

Navoiy A., 1964-2024. Majolis un-Nafois. 169 b. [Электрондық ресурс] – URL: [https://library.navoiy-uni.uz/files/navoiy\\_majolisun\\_nafois\\_lotin\\_ziyouz\\_com.pdf](https://library.navoiy-uni.uz/files/navoiy_majolisun_nafois_lotin_ziyouz_com.pdf) (қаралған күні: 16.04.2024).

Nizām al-Dīn Aḥmad ibn Muḥammad Muqīm, 1936. The Tabaqāt-i-Akbarī of Khwājah Nizāmuddīn Ahmad (A history of India from the early musalman invasions to the thirty-eighth year of the reign of Akbar). Volume II. Translated by B. DE, M.A., I.C.S. (Retired). Calcuta: RASB. 840 p.

Öztürk K., 2021. Babur-nâme'nin [61a-120a] varaklari arasindaki bölümün tematik açıdan söz varlığının incelenmesi. Kocaeli. 649 s.

Ramstedt G.J., 1905. Mogholica: Beiträge zur Kenntnis der Moghol-Sprache in Afghanistan. Helsinki: Druckerei der Finnischen Litteraturgesellschaft. 60 p.

Shakespear J., 1849. A dictionary Hindustani and English, English and Hindustani, latter being entirely new. London: J&H. Cox. 2414 p.

Subtelny M., 2007. Timurids in Transition: Turko-Persian Politics and Acculturation in Medieval Iran. Leiden: Brill. 411 p.

Thackston W.M., 1993. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza. The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation by, Jr. Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University. 904 p.

Thackston W.M., 1996. The Baburnama: Memoirs of Babur, Prince and Emperor / Translated, edited, and annotated by Wheeler M. New York: Oxford University press, 1996. 311 + 173 p.

Ünlü S., 2013. Çağatay Türkçesi Sözlüğü. Konya: Eğitim Yayınevi. 1314 p.

Yücel B., 1995. Bâbü'r Dîvânî. (Gramer-Metin-Sozliik-Tipkibasim). Ankara: Atatürk kültür dil ve tarih yüksek kurumu. 575 b.

### Reference

Babur Z.M., 2023. Baburnama. translated by I. Jemenei. Almaty: Daryn. 458 p. [in Kazakh].

Blagova G.F., 1970. Istoricheskie vzaimootnosheniya slov kazak i kazah [Historical relationship between the words Kazak and Kazakh]. Ethnonym. Moscow: Nauka. P. 134-159. [in Russian].

Blagova G.F., 1986. O yazykovoј situacii v timuridskom Maverannahre (rubezh XV-XVI vv.) [On the linguistic situation in Timurid Transoxiana (the turn of the 15th-16th centuries)]. Turcologica 1986: K vos'midesyatiletiiyu akademika A.N. Kononova. P. 42-52. [in Russian].

Budagov L.Z., 1871. Sravnitel'nyj slovar' turecko-tatarskih narechij so vklyucheniem upotrebitel'nejshih slov arabskih i persidskih [Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects with the inclusion of the most common Arabic and Persian words]. Saint-Petersburg.: AN, II. 415 p. [in Russian].

Dulat M.A., 2020. Tarikh-i Rashidi. translated by I. Jemenei. Almaty: Kazakh University. 367 p. [in Kazakh].

Dulatuly M., 2013. Shygarmalar zhinagy [A collection of works]. Almaty: Olke. 288 p. [in Kazakh].

Januzaq T., 2015. Qazaq aty qaidan shyqqan?. A. Baitursynuly atyndagy Til bilimi institutynyng «Tiltanym» zhurnaly [«Linguistics» magazine of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly], 3. P. 27-33. [in Kazakh].

Zimanov S.Z., 2001. Qazaqtyng ata zangdary: qujattar, derekter jane zertteuler [Kazakh ancestral laws: documents, data and research]. Almaty: Jeti jargy. 220 p. [in Kazakh].

Ibragimov S.K., 1960. Once again about the term «Kazakh». Novye materialy po drevnej i srednevekovoj istorii Kazahstana [New materials on the ancient and medieval history of Kazakhstan]. AS QazSSR, 8. P. 66-71. [in Russian].

Kuchma V.V., 1984. «Strategikos» Onasandra i «Stretegikon Mavrikiya»: opyt sravnitel'noj karakteristiki [“Strategikos” Onasander and “Strategikon of Mauritius”: a comparative experience]. Vizantijskij vremennik [Byzantine temporary] 45 (70). P. 20-34. [in Russian].

Qaidar A., 2008. Qazaq qandai xalyq? [What kind of people are Kazakhs?]. Almaty: Dajk-Press. 652 p. [in Kazakh].

Qajymurat T., 2021. Qazaq tarihyndagy «tu», «bairaq», «jalau» ugymdary turaly [About the concept of «flag» in Kazakh history]. Arhiv habarshysy [Archive journal] №1-2. P. 35-43. [in Kazakh].

Qudayberdiuly Sh., 2018. Shygarmalary [Works]. Astana: Foliant, 2. 376 p. [in Kazakh].

Qydyrbaiev Q., 2016. «Qazaq» sozining magynasy qandai? (1245 jyly jaryq korgen qypshaq-arab sozdigining qolzhabasy negizinde) [What is the meaning of the word «Qazaq»? (based on the manuscript of the Kypchak-Arabic dictionary published in 1245)] 11.06.2016. [Electronic resource]. Available at: <https://www.muftiyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2016-06-11/19453-aza-szn-mayinasyi-andaj-1245-zhyilyi-zharyi-krgen/> (Accessed: 16.04.2024). [in Kazakh].

Levshin A.I., 1832. Opisanie kirgiz-kajsakskih ili kirgiz-kazach'ih ord i stepej [Description of the Kyrgyz-Kaysak or Kyrgyz-Cossack hordes and steppes]. S.-Petersburg: KKP, 2. 330 p. [in Russian].

Malov S.E., 1947. Mir Alisher Navoi v istorii tyurkskih literatur i yazykov Srednej i Central'noj Azii [The world of Alisher Navoi in the history of Turkic literatures and languages of Central and Central Asia]. Izvestiya AN SSR Otdelenie literatury i yazyka [AN SSR Department of Literature and Language journal] (6 (6)). P. 474-480. [in Russian].

Mahmud ibn Vali, 1933. Bahr al-asror, manuscript IV AN AN UzSSR. № 1375. fol. 132a.

Navoi A., 1970. Sochineniya v desyati tomah. IX: Sobranie izbrannyh. Zhizneopisanie Sajida Hasana Ardashera. Zhizneopisanie Pahlavana Muhmammada. Perevod Sujimy Ganievoj [Works in ten volumes. IX: Meeting of the Elect. Biography of Sayyid Hasan Ardasher. Biography of Pakhlavan Muhammad. Translation by Suyima Ganieva]. Tashkent: Fan. 219 p. [in Russian].

Navoi A., 1972. Poemy. Perevod so starouzbekskogo [Poems. Translation from Old Uzbek]. Moscow: Hudozhestvennaya literatura. 828 p. [in Russian].

Navoi A., 1991. Mukammal asarlar tuplami. VII: Hairatul-abror [Collection of completed works. VII: Hairatul-abror]. Tashkent: Fan. 422 p. [in Chagatai].

Nurmagambetov A., 1994. Bes juz bes coz: soz torkini [Five hundred and five words: etymology]. Almaty: Rauan. 303 p. [in Kazakh].

Samoilovich A., 1927. O slove «kazak» [About the word “Kazak”]. Kazaks. S.-Petersburg. P. 5-16. [in Russian].

Samoilovich A.N., 2005. Tyurkskoe yazykoznanie. Filologiya. Runika [Turkic linguistics. Philology. Runic]. Comp. and resp. ed. G.F. Blagova, D.M. Nasilov. Moscow: Vostochnaya literatura. 1053 p. [in Russian].

Sbornik materialov odnosyashchihsya k istorii Zolotoj Ordy. II: Izv. iz persidskih sochinenij, sobrannye V.G. Tizengauzenom i obr. A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym [Collection of materials related to the history of the Golden Horde. II: Extracted from Persian writings collected by V.G. Tizengauzen and processed by A.A. Romaskevich and S.L. Volin]. Moscow: Izd. AN SSSR. 308 p. [in Russian, Persian].

Sodiqov Q., 2022. Boburning til bilimi borasidagi qarashlariga bir boqish («Boburnoma» misolida) [An overview of Babur's views on language education (in the example of «Baburnama»)]. *Sharq mashali*. P. 30-46. [in Uzbek].

Sultanova N.K., 1991. Leksikograficheskiy pamyatnik, sozdannyj baburidami v Indii [Lexicographic monument created by the Baburids in India]. *Uzbekistonda izhtimoiy fanlar [Social sciences in Uzbekistan] №9*. P. 39-42. [in Russian].

Syzdykova R.G., 1989. Yazyk «Jami`at-tauarih» Jalairi [Language «Jami`at-tawarih» by Jalairi]. *Alma-ata: Nauka*. 242 p. [in Russian].

Syzdyqova R., 2014. Sozder soileidi (sozderding qoldanylu tarihyndan) [Words speak (from the history of the use of words)]. *Almaty: El-shezhire*. 411 p. [in Kazakh].

Tynyshpaev M., 1925. Materialy k istorii kirgiz-kazakskogo naroda [Materials on the history of the Qyrgyz-Qazaq people]. *Tashkent: Vostochnoe Otdelenie Kirgizskogo Gosudarstvennogo Izdatel'stva*. 70 p. [in Russian].

Fazilov E.F., 1983-1985. Alisher Navoiy asarlari tili izohli lugati [An explanatory dictionary of Alisher Navoi's works]. *Tashkent: Fan*, 1983. I. 1983. 656 p. II 644 p. 1984. III 624 p. IV. 1985. 636 p. [in Uzbek].

Abu-l-Fazl, 1973. *The Akbarnama (English translation)*. translated from the Persian by H. Beveridge. *Delhi: Rare books*. 1200 p.

Akgül S., 2020. Bâbürnâme'nin Haydarâbâd nüshasinin transkripsiyonu ve söz dizimi incelemesi [Transcription and syntax analysis of the Hyderabad copy of Baburname]. *Istanbul: Istanbul University*. 1272 p. [in Turkish].

Beveridge A.S., 1902. Further Notes on the MSS. of the Turkî Text of Bâbar's Memoirs. *The Journal of the Royal Asiatic Society of Great Britain and Ireland*. Cambridge University Press. P. 653-659.

Boeschoten H., 2022. *A Dictionary of Early Middle Turkic*. Leiden: Brill. 608 p.

Chorbaci E., 2012. Baburnamede sifatlar [Adjectives in Baburname]. *Aydin*. 347 p. [in Turkish].

Dale S.F., 2004. *Garden of Eight Paradises Babur Culture of Empire in Central Asia Afghanistan & India 1483-1530*. Leiden: Brill. 520 p.

Dale S.F., 2018. *Babur Timurid Prince and Mughal Emperor, 1483-1530*. Cambridge: University Press. 262 p.

Doerfer G., 1967. *Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen: Türkische Elemente im Neupersischen [Turkish and Mongolian elements in New Persian: Turkish elements in New Persian]*. Wiesbaden: Franz Steiner Verlag. 670 p. [in German].

Dughlat M.H., 2004. *Tarikh-i Rashidi*. ed. By 'Abbasquli Ghaffari Fard. *Tehran: Written Heritage Publ*. 211 + 859 p. [in Persian].

Fallon S.W., 1976. *Urdu-English Dictionary*. Gulberg-Lahore: Central Urdu Board. 1216 p.

Lee J.Y., 2013. *The Socio-Political Phenomenon of Qazaqliq in the Eurasian Steppe and the Formation of the Qazaq People*. University of Toronto. 293 p.

Navoiy A., 1964-2024. *Majolis un-Nafois*. 169 p. [Electronic resource]. Available at: [https://library.navoiy-uni.uz/files/navoiy\\_majolisun\\_nafois\\_lotin\\_ziyouz\\_com.pdf](https://library.navoiy-uni.uz/files/navoiy_majolisun_nafois_lotin_ziyouz_com.pdf) (Accessed: 16.04.2024). [in Chagatai].

Nizām al-Dīn Aḥmad ibn Muḥammad Muqīm, 1936. *The Tabaqāt-i-Akbarī of Khwājah Nizāmuddīn Aḥmad (A history of India from the early musulman invasions to the thirty-eighth year of the reign of Akbar)*. Volume II. Translated by B. DE, M.A., I.C.S. (Retired). *Calcuta: RASB*. 840 p.

Ozturk K., 2021. Babur-namenin (61a-120a) varaklari arasindaki bolumun tematik achidan soz varliginin incelenmesi [Examining the thematic vocabulary of the section between the pages of Babur-name (61a-120a)]. Kocaeli. 649 p. [in Turkish].

Ramstedt G.J., 1905. Mogholica: Beitrage zur Kenntnis der Moghol-Sprache in Afghanistan [Mogholica: Contributions to the knowledge of the Moghol language in Afghanistan]. Helsinki: Druckerei der Finnischen Litteraturgesellschaft. 60 p. [in German].

Shakespear J., 1849. A dictionary Hindustani and English, English and Hindustani, latter being entirely new. London: J&H. Cox. 2414 p.

Subtelny M., 2007. Timurids in Transition: Turko-Persian Politics and Acculturation in Medieval Iran. Leiden: Brill. 411 p.

Thackston W.M., 1993. Zahiruddin Muhammad Babur Mirza. The Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Turkish transcription, Persian edition and English translation by, Jr. Cambridge, Ma: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University. 904 p.

Thackston W.M., 1996. The Baburnama: Memoirs of Babur, Prince and Emperor / Translated, edited, and annotated by Wheeler M. New York: Oxford University press, 1996. 311 + 173 p.

Unlu S., 2013. Chagatay Turkchesi Sozlugu [Chagatai Turkish Dictionary]. Konya: Eğitim Yayınevi. 1314 p. [in Turkish].

Yucel B., 1995. Babur Divani. (Gramer-Metin-Sozliik-Tipkibasim). [Babur`s Divan (Grammar-Text-Dictionary-Typography)]. Ankara: Atatürk kültür dil ve tarih yüksek kurumu. 575 p. [in Turkish].

**\*Q. Kenzhalin<sup>a</sup>**

*<sup>a</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: kenkk@mail.ru)*

\*Corresponding author: kenkk@mail.ru

**A. Tangsyqbay<sup>b</sup>**

*<sup>b</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: adilet\_2\_97@mail.ru)*

**L. Espekova<sup>c</sup>**

*<sup>c</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: espekova@bk.ru)*

### **Semantics of the word ‘Qazaq’ in the ‘Baburnama’**

**Abstract.** The ethnonym qazaq has a complex semantic history, reflecting changes in the political, social and cultural environment. Studying this facilitates an understanding of the evolution of relationships between different ethnic groups and reveals trends in their interaction. One of the medieval



manuscripts in which the word qazaq is recorded is the work ‘Vaḡayī’ (“Baburnama”), written by Zahiriddin Muhammad Babur. This article examines the semantics and usage of the words qazaq, qazaqlıq, qazaqāna as recorded in this autobiography, written in the Chagatai Turkic language during the Middle Ages. The linguistic analysis focuses on the linguistic, historical and cultural context. The meanings identified as a result of the analysis: qazaq – ‘name of the country and ethnic group’, ‘brave’, ‘hero’, ‘scout’, ‘robber’; qazaqlıq – ‘a state and a set of actions (military invasion, confiscation, robbery, etc.) carried out by a ruler with his supporters during political instability’, qazaqāna – ‘modestly’. It is hypothesized that the meanings used in the ‘Baburnama’ formed the basis of the name of the Kazakh ethnicity. The linguistic connection between qazaq – qaraq and alaš is also examined. The authors conclude that Zahiraddin Muhammad Babur skillfully used the polysemy of the word qazaq in his autobiography.

**Keywords:** qazaq, qazaqlıq, semantics, Baburnama, Babur, lexicon, Chagatai.

**\*К. Кенжалин<sup>а</sup>**

*<sup>а</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Республика Казахстан  
(E-mail: kenkk@mail.ru).*

*\*Автор для корреспонденции: kenkk@mail.ru*

**А. Тансықбай<sup>б</sup>**

*<sup>б</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Республика Казахстан  
(E-mail: adilet\_2\_97@mail.ru)*

**Л. Еспекова<sup>с</sup>**

*<sup>с</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Республика Казахстан  
(E-mail: espekova@bk.ru)*

### **Семантика слова «qazaq» в «Бабурнаме»**

**Аннотация.** Этноним – важный элемент самоидентификации этноса. Этнонимы могут иметь сложную семантическую историю, отражающую изменения в политической, социальной и культурной сфере. Исследование в данном контексте помогает понять эволюцию отношений между различными этническими группами и выявить тенденции их взаимодействия. Одним из средневековых письменных памятников, в которых зафиксировано слово qazaq, является «Vaḡayī», написанный Захиррадином Мухаммадом Бабуром. Бабур – знаменитый полководец из племени барлас, политик, писатель, правитель Афганистана и Индии, основатель империи династии Бабуридов. Исторические события, происходившие на территориях современных Казахстана, Узбекистана, Афганистана и Индии, описаны через призму мировоззрения тюркоязычного

автора в произведении, именуемым в науке «Бабурнаме». В данной статье рассматривается семантика и употребление лексем *qazaq*, *qazaqlıq*, *qazaqāna*, зафиксированных в автобиографии, написанном на чагатайском языке в средние века. В процессе исследования особое внимание уделяется лексико- семантическому, историческому и культурному контекстам, по результатам которых выявлены следующие значения: *qazaq* – «наименование страны и этноса», «храбрый», «богатырь», «разведчик», «разбойник»; *qazaqlıq* – «состояние и комплекс действий (военное вторжение, конфискация, грабеж и т.п.), осуществляемые правителем и его сторонниками во время политической нестабильности»; *qazaqāna* – «скромно». Авторы предполагают, что семемы-значения, использованные в «Бабурнаме», легли в основу названия казахского этноса. В статье также рассматриваются смысловые связи лексем *qazaq* – *qaraq* – *alaş*. Авторы приходят к выводу, что Бабур умело использовал в своей биографии многозначность слова *qazaq*.

**Ключевые слова:** *qazaq*, *qazaqlıq*, семантика, «Бабурнаме», Бабур, лексика, чагатай.

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы*, PhD, қазақ тіл білімі кафедрасы доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 12, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0003-0440-7556

Scopus ID: 57213160947

*Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы*, қазақ тіл білімі кафедрасы докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 12, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0001-9929-1685

*Еспекова Ләззат Әубәкірқызы*, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тіл білімі кафедрасы доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 12, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0001-5485-5125

**Information about authors:**

*Kenzhalin Quanyshbek Karimuly*, PhD, Associate Professor, Department of Kazakh Linguistics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 12 Kazhimukan Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-0440-7556

Scopus ID: 57213160947

*Tansykbay Adilet Kydyrbekuly*, Doctoral Student, Department of Kazakh Linguistics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 12 Kazhimukan Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-9929-1685

*Epekova Lazzat Aubakirzy*, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Kazakh Linguistics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 12 Kazhimukan Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-5485-5125

**Сведения об авторах:**

*Кенжалин Куанышбек Каримұлы*, PhD, доцент кафедры казахского языкознания, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 12, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0003-0440-7556

Scopus ID: 57213160947

*Тансықбай Адилет Кыдырбекулы*, докторант, кафедра казахского языкознания, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 12, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0001-9929-1685

*Еспекова Лаззат Аубакирқызы*, кандидат филологических наук, доцент кафедры казахского языкознания, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажимукана, 12, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0001-5485-5125